

Астрахан ауданы әкімдігінің қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 85 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астрахан ауданы әкімдігінің:

Астрахан ауданы әкімдігінің "Астрахан ауданы бойынша 2016 жылға қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсынысты айқындау, ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшерін және олардың қаржыландыру көздерін бекіту туралы" 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 310 (Ақмола облысы Әділет департаментінде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 12 қаңтарда № 5188 тіркелген, 2016 жылғы 27 қаңтар – 5 ақпан аралығында аудандық "Маяк" газетінде жарияланған);

Астрахан ауданы әкімдігінің "2016 жылға арналған Астрахан ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 5 (Ақмола облысы Әділет департаментінде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 4 ақпанда № 5241 тіркелген, 2016 жылғы 19 – 26 ақпанда аудандық "Маяк" газетінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Астрахан ауданының әкімі

Т.Ерсейітов